

10. Қарт Торғай – сақтар мен сарматтар мекені. «Егемен Қазақстан» порталы. Т.ғ.к А.Оңғарұлы сұхбатынан

11. Айдын ЖҮНИСХАНОВ: «Археология – тарихынды көзбен көріп, қолмен ұстау» | Қазақстандағы Ислам. kazislam.kz порталы

БОТАЙ- СОЛТҮСТІК ДАЛА ҚАЗЫНАСЫ

Канатова Б.Е.

ғылыми жетекшісі: Шаяхметова М.Н., п.ғ.к.

Қарағанды зерттеу университеті,

honh9764@gmail.com

Қарағанды қ.

Еліміздің солтүстігіндегі Айыртау ауданының аймағында орналасқан Ботай қонысының адамзат тарихында алатын орны ерекше. Бір жағынан-өзен, екінші жағынан-орман алқаптары алып жатыр. Әлем "Ботай мекенін" алғаш рет белгісіз ғалым В. Зайберт арқылы естісе, Зайберттің ғылыми ортадағы есімі де осы "Ботай қонысы" арқылы биіктерге көтерілді. Ботай мәдениетінің құндылығы жайлы В.Зайберттің тұжырымдамасында "Ботай қонысы Орталық Азия даласында жылқыны қолға үйретудің ең алғашқы археологиялық дәлелі істептес",-делінеді. Зайбертке "Ботай- ежелгі адамдар мекені" деген ғылыми еңбегі үшін Берлин университетінің корреспондент мүшесі деген құрметті атағы берілді.

Бірден бір энеолиттік Ботай қоныс мекенінде біраз жыл бойы жүргізілген Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедицияларының ғылыми зерттеулері, және бірқатар елдер ғалымдарының ізденістері жалпы Еуразия мен Қазақстанның ежелгі тарихында бірталай ғылыми жаңалықтар ашуға мүмкіндік берді: Жылқы жер бетінде тұңғыш рет б.з.б. 4 мыңжылдықта Солтүстік және Орталық Қазақстан даласында қолға үйретілді, осы тұста адамзат бірнеше миллион жылдық эволюциялық дамудан кейін жаяу жүрістен жылқыға ауысты, осы жағдай әлемдік тарихи үдерістің дала өркениетінің басы, әрі ширақ үдеткіші болды. Ботай қоныс-мекені әлемде алғашқылар қатарында жартылай отырықшылық тұрмыс салтына көше отырып, тұңғыш рет адамдардың нағыз сәулетшілік тәсілдермен ағаштан күрделі үй құрылыстарын тұрғыза бастады. Ботай мәдениетінің тұрғындары қола дәуіріне дейін екі мың жыл бұрын мыстан жасалған құрал-саймандар мен әртүрлі заттарды қолданған. Сол кезде тіпті тамаша шеберлер, суретшілер мен зергерлер өмір сүрген.[2, 26 б]

Энеолиттік Ботай қонысының қазба жұмыстары 1980 жылы басталып, әлемге танылған ескерткіштердің бірі болып аталды. Жылқының алғаш рет қазақ даласында қолға үйретілгені Ботай қонысында жүргізілген археологиялық, остеологиялық зерттеулер арқылы даусыз дәлелденіп отыр. Қазба жұмыстары дәлелдегендей, Орталық Азияның байтақ даласында осыған дейін жазылғандай “қаңғыбас балықшылар мен аңшылар” емес- өзен аңғарында және көл жайылымдары маңында орналасқан кішігірім ауылдарды мекендеген отырықшы қауымдардың қоныстағаны дәлелденді. Адамдар біртіндеп балық аулап, отырықшылыққа көшіп, терумен, аңшылықпен айналысқан, және тіпті тас және сүйектен құралдар жасап өндірген. [2, 32 б] Сонымен қатар, Ботай мәдениетінің тұрғындары жылқыны үйірлеп қамап, етін жеп қана отырмаған. Қазбадан табылған жылқылардың тістері мүжілген, әрі оған сызат түскен. Осыған қарап ғалымдар жылқының мініске пайдаланылып, оларға ауыздық тағылғанын анықтап отыр. Сол заманнан бастап ат әбзелдерінің, құрықтың, теріден тігілген шалбардың, тізеден асатын тері етіктің және тымақтың табылғаны таңғалдырады. Осы деректерді негізге алған Хартуик университетінің зерттеушісі Дэвид Энтони: "Жылқылардың азу тістері зақымданған, бұл аттардың көлік ретінде пайдаланылып, қолға үйретілгенін дәлелдейді. Егер Ботай мәдениетінің жұрты биені сауып, сүтін пайдаланған болса, бұл жылқылар жабайы емес, қолға үйретілгені анық",-деп түйін сөзін айтқан. Олар жылқыны азық ретінде де, мініс көлігі ретінде де, сусын көзі ретінде де пайдаланған. [4, 343 б]

Ботай қоныс-мекені әлемде алғашқылар қатарында жартылай отырықшылық тұрмыс салтына көшкен. Далада тұңғыш рет адамдар нағыз сәулетшілік тәсілдермен ағаштан күрделі үй құрылыстарын тұрғыза бастаған. Жартылай жертөлелер ағаштан, сазбалшықтан, жылқы сүйегінен, қайыңның қабығынан және шымнан салынды.[5] Ботай қонысы Иманбұрлық өзенінің бойындағы 15 гектар жерді иемдейді. Жалпы қоныста үйлер саны 200-300-ден кем болмады, бұл санды археологтар қазба жұмысы барысында қазылған 109 ойыстан анықтады. Сонымен қатар 76 шаруашылық-тұрғын құрылыстар анықталып, зерттелген. [1, 71 б] Қазіргі территория бетінде 158 тұрғын үйдің жұрты табылған, ал қау барысында олардың қонысы тіршілік еткен соңғы кезеңінде салынғаны анықталды. Ертедегі поселкенің құрылыстары өте тығыз болған: тұрғын үйлер көбінесе бір-біріне жақын орналасып құрылған, мұндай жоспарланған орындарға жататын құрылыстар саны 30-ға дейін жетеді. Олардың ішінен белгілі бір жүйені байқауға болады: ені 4-8 м болатын, ал ұзындығы 50 метрге дейін жететін параллель көшелердің екі жағында кейде 15-16 үйден салынған.[7, 96 б]

Өндірістік-шаруашылық саймандар алуан түрлі тастардан, сазбалшықтан және сүйектерден жасалды. Жүгеннің сүйек элементтері, кісенге арналған ілгектер жылқының қолға үйретіле бастағанын дәлелдейді. Тастан тоқпақтар, пышақтар, қанжарлар, боластар, жебелердің, сүңгілердің, найзалардың ұштары аң аулаумен

байланысты құралдар жасалған. Сүйектен жасалған құралдар үй шаруашылығында кеңінен пайдаланылған. Ботай қонысында сүйектер өте көп табылды, жалпы көлемі тіпті он шақты тоннаны құрайды. Бұлар дайын құралдар, өндірістік қалдықтар немесе бүтін дайындамалар. Сүйек ою ісінде көбінесе жануарлардың аяқтары, қабырғалары мен жауырындары пайдаланылған. [2, 294 б] Осы орайда Кемел Ақышев: "Ботай мәдениеті адамзат тарихында ерекше орын алады. Бұл мәдениет қазақ жерінде алғаш рет жылқыны үйреткен, оны көлік ретінде пайдаланған халықтың мәдениеті болып саналады. Бұл жерде табылған археологиялық ескерткіштер әлемдік археология ғылымы үшін үлкен жаңалық болды", - деп айтқан. Тас пен сүйек өңдеу едәуір жетілдірілген, оларсыз сапалы еңбек құралдарын дайындау мүмкін емес еді. Тері өңдеу ісінде қырғыштар, пышақтар, қырнауыштар, жоңғыштар мен кескіштер қажет болды. Ал керамика өндірісінде келсаптар, үккіштер, жылтыратқыштар, мейлінше әр түрлі қалыптар іске қосылды. [7, 96 б]

Еуропалық ғалымдардың зерттеуіне қарағанда, адам баласы жылқыны қолға үйреткеніне 5500 жылдан асыпты. Өркениет тарихында жылқылар алғаш рет қазіргі Украина топырағында қолға үйретілді деген тұжырым болған еді. Алайда, соңғы зерттеулердің қорытындысы жылқылардың алғашында Азияда қолға үйретілгенін меңзеген. Сондай-ақ бұл тұжырым Ботай қонысы маңына жүзгізілген қазба жұмыстары барысында дәлелін тапты. Аталған археологиялық жұмыстың құндылығы жайлы еуропалық National Geographic News атты ғылыми басылым: "Қазақстанның Солтүстігінен табылған Ботай жылқылары қолға үйретілген жылқылардың ең ерте топтарының бірі болып табылады. Бұл зерттеу тобы үшін таңқаларлық жаңалық болды. Археологтар Ботай жылқыларының қазіргі үй жылқыларының ежелгі ата-бабалары екенін дәлелдеген", - деген байлам жариялады. [3]

Ботай бүкіл әлемнің мәдени қазынасына қосылады. Бүгінгі дәуірдің ғалымдары дүниежүзілік тарихтың сан мың сұрағына жауаптарын осы "Ботай мәдениетінен" тауып отыр, - деген америкалық зерттеуші Дэвид Энтони: "Жылқы мен адам арасындағы қарым-қатынастың тарихы Солтүстік Қазақстанда, жазық далада басталады. Ботай жұрты ең алғашқылардың бірі болып атқа отырды. Осыдан кейін барлық өркениет басталған, олардың көптеген еңбек құралдары тіпті жылқы сүйегінен жасалған. Діттеген жерге жылдам жетуге, жүк тасуға қолданды. Бұл адамның тағдырын түбегейлі өзгертті", - деседі. Адамзат бірнеше миллион жылдық эволюциялық дамудан кейін жаяу жүрістен жылқыға ауысты. Осы кез әлемдік тарихи үдерістің ширақ үдеткіші, дала өркениетінің басы болды. Бұл құбылыстың тарихи мәні өте зор. [4, 343 б]

Осы тұрғыда, Қазақстанның ежелгі тарихын зерттеген Досмұхамедов Мырзатайдың: "Ботай мәдениеті қазақ халқының көшпелі мәдениетінің бастауын көрсетеді. Бұл мәдениет тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл әлемнің тарихында маңызды орын алады.", - деген бағасына қосып айтар сөз табу оңай емес.

Ботай және басқа да осы сияқты объектілердің ашылуы мен олардың көп жылдар бойы зерттелуі Солтүстік Қазақстан өңірінде, сондай-ақ жалпы республикада археология мен тарих ғылымының беделін арттыра түсуге көп септігін тигізді. Ботайда табылған аса құнды тастан, саздан, қыштан жасалған заттар, оның ішінде еңбек құралдары, ыдыстар, әшекейлер оңтүстік астанадағы көрмеде өз орнын тапты.

Осы мәдениеттің археологиялық қазбалардың ең басында В.Зайберт былай деген: «Осы жылдар бойғы жылдамдықпен жалғастырсақ, бізге кемінде 150-200 жыл қажет болар» [2,43 б] - деп айтқан, сондықтан "Ботай қонысындағы археологиялық ғылыми-эксперименттік зерттеулер және Ботай мәдениетін жеткізушілердің қамтамасыз ету жүйелерін, өмір салтын және дүниетанымдық-киелі мәнмәтінін модельдеу" ғылыми зерттеу жобасы аясында қазіргі таңда Қазақстандық археологтар дүниежүзі археологтарымен бірігіп, 2022 жылғы 29 мамырдан бастап Ботай қонысында далалық археологиялық зерттеу қазба жұмыстарын қайта бастады. 2022 жылғы археологиялық қазба жұмыстарында 3881 археологиялық жәдігерлер табылды. Олардың ішінде қырғыштар, найза ұштары, жебе ұштары, қысқа сапты найза ұштары, тас балта, тас пышақ, бұрғылар, ұнтақтағыш, тескіштер, қыш ыдыстың сынықтары, дискілермен ұршық тастар, сүйектен жасалған қалыпшалар, тупиктер және т.б. көптеген жәдігерлер табылды. Ботай қонысы болашақта археологтардың жұмысын ақтап, дүние жүзіне жаңа жаңалықтар әкелетініне сенімдіміз. [6]

Қорыта айтқанда, Ботай мәдениеті - адамзат тарихындағы маңызды археологиялық жаңалықтардың бірі және қазақ халқының мәдени мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл мәдениет жылқыны алғаш рет қолға үйретіп, оны көлік ретінде пайдалану арқылы көшпелі шаруашылықтың дамуына негіз қалаған. Ботай мәдениетінің зерттелуі біздің ата-бабаларымыздың жоғары мәдени және технологиялық деңгейін, сондай-ақ олардың табиғатпен үйлесімді өмір сүргенін көрсетеді. Дегенмен, Ботай мәдениетінің әлі де зерттелмеген тұстары көп, сондықтан археологиялық қазба жұмыстары мен ғылыми зерттеулерді жалғастыру аса маңызды болып табылады. Ботай мәдениеті тек қазақ даласының мақтанышы ғана емес, бүкіл әлемдік мәдениет үшін маңызды мұра болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Зайберт Р.Ф. Ботайская культура. - Алматы: "ҚазАқпарат", 2009. - 576 б.
2. Зайберт Р.Ф. Ботай. Дала өркениетінің бастауы. - Алматы: "Балауса", 2011. - 475 б.
3. S.Gibbens How DNA Proved Wild Horses No Longer Exist // National Geographic News . -2018
4. D.Brown, D.Anthony Bit Wear, Horseback Riding and the Botai Site in Kazakstan // Journal of Archaeological Science. - 1998. - №4. - 331-347 б.
5. <https://old.archaeology.kz/article?id=17170&alias=qazaq-arheologiya-gylymynyn-zhana-kokzhiekteri>

6. <https://kazmuseum.kz/muzei-zhane-expo-2017/item/2215-botaj-konysynda-y-2022-zhyl-y-arkheologiyalyk-dalalyk-zertteu-zh-mysyny-natizheleri>
7. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. - 1 том. - Алматы: Атамұра, 1996. — 544 б.

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕККӨЗДЕР НЕГІЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ОТБАСЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРДЕГІ РӨЛІ

Кенжебек М.Д.

Ғылыми жетекшісі: доктор Ph.D Дюсупова Сәуле Туяковна

Астана халықаралық университеті

kenzhebekovamerei@gmail.com

Астана қ.

XIX ғасырдың екінші жартысында этнографиялық еңбектерінде жазған Орталық Азия туралы француздық және патшалық орыс саяхаттық очерктер қазақтардың өмірі мен дәстүрлеріне, оның ішінде отбасылық тұрмысы әйелдердің рөліне ерекше көзқарас ұсынады. Бұл жазбаларда қазақ қыздарына ерекше назар аударылған, олар ер адамдармен қарым-қатынастағы сұлулығымен және сенімділігімен ерекшеленеді. Саяхатшылар олардың батылдығы мен ашықтығын атап өтіп, бұл қазақ қыздарының Орталық Азияның басқа қоғамдарынан өзгеше екенін көрсеткен. Алайда, қарым-қатынастағы ашықтыққа қарамастан, қазақ қыздары көшпелі қоғамына тән дәстүрлер мен мінез-құлық нормаларын қатаң сақтаған. Бұл сипаттамалар дәстүрлі құндылықтар мен тәуелсіздік пен ашықтық элементтерінің үйлесімі болғанын айтады.

Осы зерттеуде отырықшыландыру үдерсінің қазақ әйелдерінің отбасылық және қоғамдағы рөлінің өзгертуі, отырықшылықтың әсері қарастырылған.

Берілген мақаланың негізгі мақсаты XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамындағы әйелдердің отбасылық және қоғамдық өмірдегі рөлін этнографиялық деректер негізінде зерттеуге бағытталған. Қазақ әйелдерінің дәстүрлі нормалар мен әдет-ғұрыптарды сақтау арқылы қоғамдағы ерекше рөлін анықтау, олардың ер адамдармен қарым-қатынасындағы еркіндігін және қоғамдағы жауапкершілігін талдау мақсаты көзделген.

Мақалада қазақ қоғамындағы әйелдердің әлеуметтік рөлі мен олардың зерттеу бүгінгі таңда маңызды болып отыр. Себебі бұл зерттеу қазақ мәдениетінің өзіндік ерекшеліктерін және дәстүр мен қазіргі заман арасындағы байланысты түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тарихи деректерді пайдалану арқылы қазақ әйелдерінің рөлінің қазіргі қазақ қоғамындағы маңыздылығын айқындауға жол ашады.

Қазақ әйелдері жоғары дәрежедегі дербестікке ие болған. Олар шаруашылықпен айналысып, отбасылық міндеттерді атқарғанымен, ер адамдармен тең дәрежеде қоғамдық өмірге қатысып, пікір білдіре алатын. Бұл олардың тек отбасылық емес, саяси және рухани салаларда да белсенді болғанын дәлелдейді. Орталық Азияның басқа халықтарының әйелдеріне қарағанда, қазақ әйелдері ашықтық пен сенімділікке ие болып, батыл қарым-қатынас жасаған.

Бұл туралы біз қазақтардың өмірі мен тұрмысын жан-жақты зерттеген орыс этнографтарының еңбектерінен біле аламыз. **Гейнс, Броневский, Карутц** және тағы басқа ғалымдар қалдырған көптеген этнографиялық дереккөздер қазақ әйелдерінің қоғамдағы рөлі туралы құнды мәліметтер береді. Бұл этнологтар қазақ әйелдерін еңбекқор, тәуелсіз, бірақ сонымен бірге дәстүрге адал деп сипаттаған. Олардың жазбаларының арқасында біз қазақ әйелдерінің ерлермен еркін қарым-қатынас жасауды және мәдени нормаларды сақтауды шебер үйлестіріп, көшпелі қоғам өмірінде маңызды рөл атқарғанын жақсы түсіне аламыз.

Қазақ әйелдері, әсіресе көшпелі қоғамда, еркіндік пен құрметті дәстүрлі нормаларды сақтаумен үйлестірген ерекше орын алған. Орталық Азиядағы көптеген көршілес мәдениеттерден айырмашылығы, қазақ әйелдері салыстырмалы түрде жоғары дербестікке және әлеуметтік белсенділікке ие болған. Олар тек шаруашылық жүргізіп, маңызды отбасылық міндеттерді орындап қана қоймай, сонымен қатар ер адамдармен батыл қарым-қатынас жасап, қоғамдық істерге қатысып, өз пікірін білдіре алған. Ерлермен еркін қарым-қатынас, қоғамдық өмірдегі ашықтық пен өзіне деген сенімділік қатаң мәдени дәстүрлерге қайшы келмеген. Қазақ әйелдері неке, отбасы және бала тәрбиесімен байланысты әдет-ғұрыптарды ұстанғанымен, жеке еркіндіктің белгілі бір дәрежесін сақтап қалған, бұл оларды өңірдің көптеген басқа халықтарынан ерекшелендірген. Еркіндік пен дәстүрлердің осы бірегей үйлесімі қазақ әйелдерін көшпелі халықтың қоғамдық және отбасылық өміріндегі маңызды тұлғаға айналдырды.

Қазақ әйелдері, әсері көшпелі қоғамда, еңбекқорлығы мен отбасылық міндеттерге адалдығымен танымал болған. Олар шаруашылық жүргізуде негізгі рөл атқарып, үй жануарларына қараған, тамақ дайындаған, жіп иіріп, тоқыма тоқумен және балаларды тәрбиелеумен айналысқан. Өз міндеттеріне қарамастан, қазақ әйелдері белгілі бір еркіндікке ие болып, басқа көшпелі халықтардың әйелдерінен ерекшеленген. Олар ерлермен батыл диалог жүргізіп, қоғамдық іс-шараларға қатыса алған. Еркін қарым-қатынас және отбасы